



010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына*2023 жылғы 17 қарашадағы № ДС-434 сауалға***Құрметті депутаттар!**

Түркістан облысындағы жылыжай шаруашылықтарының проблемалық мәселелеріне қатысты депутаттық сауалдарыңызды қарап, келесіні хабарлаймын.

Мемлекеттік қолдау шараларына қатысты

Жылыжай аумақтарының қысқаруы өндірілетін өнімнің жоғары өзіндік құнына және бизнестің төмен рентабельділігіне байланысты болып отыр. Қаржылық қиындықтарға байланысты 2022 жылмен салыстырғанда жылыжай аумақтар 233 гектарға азайды.

Жабық топырақтағы көкөніс дақылдарының өндірісін ұлғайту мақсатында тыңайтқыштардың және пестицидтердің, сондай-ақ маусымаралық кезеңде электр энергиясына, газға және көмірге жұмсалатын шығындарды, суармалы су берудің, қияр мен қызанақ тұқымдарының құнын субсидиялау арқылы мемлекеттік қолдау жүзеге асырылады.

Ағымдағы жылы өсімдік шаруашылығы саласын, оның ішінде жабық топырақта өсіруді дамытуға барлығы 125,7 млрд теңге бөлінді.

Анықтала: басым дақылдарды өндіру бойынша – 16,5 млрд теңге, тұқым шаруашылығын дамытуға – 16,6 млрд теңге, тыңайтқыштардың құнын арзандатуға – 43,5 млрд теңге, пестицидтердің құнын арзандатуға – 46,0 млрд теңге, ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге су жеткізу бойынша – 3,1 млрд теңге.

Бұдан басқа, инвестициялық субсидиялар шеңберінде жылыжай кешендерін салу және кеңейту жөніндегі жобаларды іске асыру кезіндегі шығындарды өтеу көзделген. Сонымен қатар Ауыл шаруашылығы министрлігі өтеу үлесін 25 %-дан 30 %-ға дейін ұлғайту жұмысын жүргізді.

«Кең дала» бағдарламасы аясында кредиттеуге қатысты мыналарды атап өткен жөн.

Жабық топырақтағы көкөністерді өсіру шығындары ашық топырақтағы көкөністерді өсіруге қарағанда айтарлықтай жоғары. Осыған байланысты «Кең дала» бағдарламасы дәнді, майлы, азықтық дақылдарды, мақта тұқымын, картоп,

қант қызылшасын, бақша және ашық топырақтағы көкөністерді өндіруге бағытталған.

Агроөнеркәсіптік кешен (*бұдан әрі – АӨК*) субъектілері өндіретін жоғарыда көрсетілген өсімдік шаруашылығы өнімі және оны қайта өңдеу өнімдері Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының тізбесіне кіреді.

Ішкі нарықты қорғау бойынша

Отандық жылыжай шаруашылықтары Өзбекстан мен Түрікменстанның көкөніс өндірушілері тарапынан демпингке ұшырауда. Аталған елдерде өндірістің өзіндік құны климаттық жағдайларға, жұмыс күшінің, электр энергиясының, газдың арзандығына байланысты әлдеқайда төмен.

Бұл ретте көрші елдерден жеміс-көкөніс өнімдерін әкелуге шектеулер белгілеу және маусымдық кезеңдерде кедендік баждардың ұлғаюы ішкі нарықтағы бағаның өсуіне, сондай-ақ маусымаралық кезеңде осы өнімдердің тапшылығына алып келуі мүмкін.

Сонымен қатар өсімдіктер карантині саласындағы заңнамаға сәйкес фитосанитариялық бақылау бекеттерінде және өнім түсетін жерлерде әкелінетін және әкетілетін жеміс-көкөніс өнімдеріне тұрақты карантиндік фитосанитариялық бақылау жүзеге асырылады.

Жеміс-көкөніс өнімдерін импорттау кезінде өсімдіктер карантині саласындағы заңнаманың бұзылуы анықталған жағдайда Ауыл шаруашылығы министрлігі АӨК-тегі мемлекеттік инспекция комитетінің аумақтық бөлімшелері Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне сәйкес әкімшілік сипаттағы шаралар қабылдайды.

Сондай-ақ фитосанитариялық бақылау бекеттері «Еуразиялық экономикалық одақта өсімдіктер карантинін қамтамасыз ету туралы» Кеден одағы Комиссиясының 2010 жылғы 18 маусымдағы № 318 шешіміне сәйкес тұрақты негізде жұмыс істейтінін атап өткен жөн.

Сонымен қатар импортталатын өнімдер, яғни қызанақ, жаңа піскен бұрыш ПТР-тестілеу арқылы міндетті түрде зертханалық сараптамадан өтеді.

Өсімдіктер карантинін қорғау жөніндегі халықаралық конвенция фитосанитариялық шаралар (*импорттық өнімге тыйым салу*) ғылыми негізделуі, ашық болуы және әсіресе халықаралық саудада ерікті немесе негізсіз кемсітушілікке немесе жасырын шектеулерге, жол бермейтіндей қолданылуы тиіс екенін ескертеді.

Көмір құнын арзандатуға қатысты

Қазіргі уақытта тасымалдау тарифтерін және көмір разрездерінен анағұрлым төмен босату бағасын реттеу есебінен арзандатылған көмір тек әлеуметтік қажеттіліктер үшін жеткізіледі. Осыған байланысты өз қызметінен кіріс алатын коммерциялық ұйымдар үшін көмір құнын арзандату жүзеге асырылмайды.

Өз кезегінде жылыжай шаруашылықтарын қолдау және өндірілетін өнімнің өзіндік құнын төмендету үшін маусымаралық кезеңде жылыту

шығындарын субсидиялау нормативтерін бекіту кезінде көмірге арналған шығыстар көзделген.

Жалпы, бүгінгі күні жылыжай шаруашылықтарының қауымдастығы мен «Шұбаркөл Көмір» АҚ арасында 2024 жылғы қаңтардан бастап ай сайын 12,5 мың тоннадан 150 мың тонна көлемінде көмір жеткізуге арналған коммерциялық шарт жасалды.

Сонымен қатар Түркістан облысы әкімдігінің ақпараты бойынша қазіргі уақытта жылыжай шаруашылықтарының көмір қоры шамамен 95,1 мың тоннаны құрайды.

Аталған көлем жылыту маусымының өтуі үшін жеткілікті.

Жылыту шығындарын субсидиялау бойынша

Жабық топырақтағы көкөністерді өндірудің рентабельділігін арттыру мақсатында Ауыл шаруашылығы министрлігі басым дақылдар шеңберінде Өсімдік шаруашылығын субсидиялау қағидаларына тиісті өзгерістер енгізді, олар жергілікті атқарушы органдардың қаулысымен бекітілген субсидиялар нормалары бойынша 1 гектарға жұмсалатын шығыстарды (*электр энергиясына, газға, көмірге*) субсидиялауды көздейді.

Бүгінгі таңда Өсімдік шаруашылығын субсидиялау қағидаларының талаптарына сәйкес Түркістан облысы мен Шымкент қаласының әкімдіктері өнеркәсіптік және фермерлік жылыжайлар үшін ағымдағы жылы арналған субсидиялардың көлемі мен нормативтерін бекітті.

Анықтама: *өнеркәсіптік жылыжайлар үшін норматив – гектарына 8,1 млн теңге, фермерлер үшін – гектарына 4,8 млн теңге.*

Ағымдағы жылы субсидиялауға барлығы 1,2 млрд теңге көзделген (*Шымкент қаласы бойынша – 767 млн теңге, Түркістан облысы бойынша – 500 млн теңге*).

Бұл ретте келесі жылдан бастап аталған тетік еліміздің барлық өңірлерінде таратылатын болады.

Жергілікті атқарушы органдар қабылдаған нормативтер Субсидиялаудың бірыңғай мемлекеттік ақпараттық жүйесінің (*СБМАЖ*) базасына енгізілді. Бүгінгі күні база субсидиялау бойынша одан әрі мемлекеттік қызмет көрсету үшін тестілік режимде іске қосылды.

Тұтас алғанда, жоғарыда аталған мәселелер Үкіметтің тұрақты бақылауында және оларды шешу бойынша жұмыс одан әрі жалғастырылатын болады.

Ә. Смайылов



010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

Депутатам
Мажилиса Парламента
Республики Казахстан

На № ДС-434 от 17 ноября 2023 года

Уважаемые депутаты!

Рассмотрев Ваш запрос относительно проблемных вопросов тепличных хозяйств Туркестанской области, сообщая следующее.

Касательно мер государственной поддержки

Сокращение площадей теплиц связано с высокой себестоимостью производимой продукции и низкой рентабельностью бизнеса. Из-за финансовых трудностей по сравнению с 2022 годом площади теплиц снизились на 233 га.

В целях увеличения производства овощных культур закрытого грунта осуществляется государственная поддержка путем субсидирования стоимости удобрений и пестицидов, подачи поливной воды, семян огурцов и томатов, а также расходов на электроэнергию, газ и уголь в период межсезонья.

В текущем году на развитие отрасли растениеводства, в том числе в закрытом грунте, было выделено 125,7 млрд тенге.

Справочно: по производству приоритетных культур – 16,5 млрд тенге, на развитие семеноводства – 16,6 млрд тенге, удешевление стоимости удобрений – 43,5 млрд тенге, удешевление стоимости пестицидов – 46,0 млрд тенге, по доставке воды сельхозтоваропроизводителям – 3,1 млрд тенге.

Кроме того, в рамках инвестиционных субсидий предусмотрено возмещение затрат при реализации проектов по строительству и расширению тепличных комплексов. Вместе с тем Министерством сельского хозяйства проведена работа по увеличению доли возмещения с 25 % до 30 %.

Относительно кредитования в рамках программы «Кең дала» следует отметить следующее.

Затраты на выращивание овощей закрытого грунта значительно выше выращивания овощей открытого грунта. В этой связи программа «Кең дала» ориентирована на производство зерновых, масличных, кормовых культур, хлопчатника, картофеля, сахарной свеклы, бахчевых и овощей открытого грунта.

Производимые субъектами Агропромышленного комплекса (далее – АПК) вышеуказанная растениеводческая продукция и продукты ее переработки входят в перечень социально значимых продовольственных товаров.

По защите внутреннего рынка

Отечественные тепличные хозяйства сталкиваются с демпингом со стороны производителей овощей из Узбекистана и Туркменистана. Себестоимость производства в указанных странах намного ниже из-за климатических условий, дешевизны рабочей силы, электроэнергии, газа.

При этом установление ограничений на ввоз плодоовощной продукции из соседних стран и увеличение таможенных пошлин в сезонные периоды могут привести к росту цен на внутреннем рынке, а также дефициту данной продукции в период межсезонья.

Вместе с тем осуществляется постоянный карантинный фитосанитарный контроль за ввозимой и вывозимой плодоовощной продукцией на фитосанитарных контрольных постах и местах поступления продукции согласно законодательству в области карантина растений.

В случае выявления нарушений законодательства в области карантина растений при импорте плодоовощной продукции территориальными подразделениями Комитета государственной инспекции в АПК Министерства сельского хозяйства принимаются меры административного характера в соответствии с Кодексом об административных правонарушениях.

Также необходимо отметить, что фитосанитарные контрольные посты работают на постоянной основе в соответствии с решением Комиссии Таможенного союза от 18 июня 2010 года № 318 «Об обеспечении карантина растений в Евразийском экономическом союзе».

Кроме того, импортируемая продукция, то есть томаты, свежий перец, в обязательном порядке проходят лабораторную экспертизу путем ПЦР-тестирования.

Международная конвенция по защите карантина растений предупреждает, что фитосанитарные меры (*запрет импортной продукции*) должны быть научно обоснованы, прозрачны и должны применяться так, чтобы не допустить произвольной или неоправданной дискриминации, или скрытых ограничений, в особенности в международной торговле.

Касательно удешевления стоимости угля

В настоящее время за счет регулирования тарифов на перевозку и более низкой отпускной цены с угольных разрезов удешевленный уголь поставляется только для социальных нужд. В этой связи для коммерческих организаций, которые получают доходы от своей деятельности, удешевление стоимости угля не осуществляется.

В свою очередь, для поддержки тепличных хозяйств и снижения себестоимости производимой продукции при утверждении нормативов субсидирования отопительных затрат в период межсезонья были предусмотрены расходы на уголь.

В целом с учетом обсуждений между ассоциацией тепличных хозяйств и АО «Шубарколь Комир» заключен коммерческий договор на поставку угля с

января 2024 года в объеме 150 тыс. тонн, с ежемесячной поставкой по 12,5 тыс. тонн.

Вместе с тем по информации акимата Туркестанской области в настоящее время запасы угля тепличных хозяйств составляют порядка 95,1 тыс. тонн.

Данных объемов достаточно для прохождения отопительного сезона.

По субсидированию отопительных затрат

В целях повышения рентабельности производства овощей закрытого грунта Министерством сельского хозяйства внесены соответствующие изменения в Правила субсидирования растениеводства, в рамках приоритетных культур, которые предусматривают субсидирование расходов (на электроэнергию, газ, уголь) на 1 га по нормам субсидий, утвержденным постановлением местных исполнительных органов.

На сегодняшний день согласно требованиям Правил субсидирования растениеводства акиматами Туркестанской области и г. Шымкента утверждены объемы и нормативы субсидий на текущий год для промышленных и фермерских теплиц.

Справочно: норматив для промышленных теплиц – 8,1 млн тенге/га, для фермерских – 4,8 млн тенге/га.

В текущем году на субсидирование предусмотрено всего 1,2 млрд тенге (по г. Шымкенту – 767 млн тенге, Туркестанской области – 500 млн тенге).

При этом со следующего года механизм будет тиражирован во всех регионах страны.

Принятые нормативы местными исполнительными органами внесены в базу единой государственной информационной системы субсидирования (ЕГИСС). На сегодняшний день база запущена в тестовом режиме для дальнейшего оказания государственной услуги по субсидированию.

В целом вышеуказанные вопросы находятся на постоянном контроле Правительства и дальнейшая работа по их решению будет продолжена.

А. Смаилов